

## "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 375 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің**

міндеттін атқарушы

Жоба

**Қазақстан**

**Республикасының**

**Заңы**

### **Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасы үкіметтік емес ұйымдарының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруы процесінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұйымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс - тапсырышы мен орындаушы арасында шарт жасасу жолымен бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілген республикалық, салалық және өңірлік деңгейлердегі әлеуметтік бағдарламаларды (әлеуметтік жобаларды), сондай-ақ әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған жекелеген іс-шараларды іске асырудың экономикалық-құқықтық нысаны;

2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт - осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырышы мен орындаушының арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

3) тапсырышы - республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілери;

4) орындаушы - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша тапсырышының контрагенті ретінде әрекет ететін үкіметтік емес ұйым;

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алуға арналған конкурс (бұдан әрі - конкурс) - тапсырышының үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарын, қызметтер көрсетуін сатып алуға бағытталған және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ізденушілеріне ашық әрі адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін орындаушыны анықтау тәсілі;

6) үкіметтік емес ұйымдар - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін олардың ортақ мақсаттарына жету үшін азаматтар ерікті негізде құрған

коммерциялық емес ұйымдар (саяси партиялардан, кәсіптік одактардан, діни бірлестіктерден басқа);

7) үкіметтік емес ұйымдардың ынтымактастық және іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестер - құрамына мұдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіретін орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдар;

8) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс ізденушісі - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған конкурсқа қатысуши үкіметтік емес ұйым;

9) әлеуметтік бағдарлама (әлеуметтік жоба) - білім беру, ғылым, ақпарат, денсаулық сақтау, спорт, қоршаған ортаны қорғау; жастар, демографиялық, гендерлік саясат; әлеуметтік көмек; құқық қорғау қызметі; мәдениет саласындағы және өзге де әлеуметтік мәні бар салалардағы нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ұйымдастыруышылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңдан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заң "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін бөлігінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру процесінде туындастырылады.

## **3-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесін құқықтық реттеу қағидаттары**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесін құқықтық реттеу:

1) заңдылық;

2) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік бағдарламаларды (әлеуметтік жобаларды) жүзеге асыру тиімділігін арттыру;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік міндеттерді шешуге қатысудын көнектізу;

4) үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындауға арналған конкурсқа қатысуы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесінің жариялышы мен ашықтығы қағидаттарына негізделеді.

## **4-бап. Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау**

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруы барысында оларға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастыруышылық-техникалық қолдау көрсетеді.

Ақпараттық және консультативтік қолдау Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін түсіндіру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратты ұсыну, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өнірлік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру

ж о л ы м е н

к ө р с е т і л е д і .

Әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық қолдау ақпараттық-анықтамалық және әдістемелік материалдарды әзірлеу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, тренингтер және өзге де іс-шаралар өткізу арқылы көрсетіледі.

### **5-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру**

#### **салалары**

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы :

- 1) білім беру, ғылыми, ақпараттық мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) азаматтардың денсаулығын қорғау, салауатты өмір салтын насиҳаттау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) балалар мен жастар бастамаларын қолдау;
- 5) демография проблемаларын шешу;
- 6) гендерлік проблемаларды шешу;
- 7) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
- 8) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек;
- 9) азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу;
- 10) азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 11) мәдениет пен өнерді дамыту;
- 12) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 13) қоғамдық келісімді нығайту;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы б а р бағыттар .

2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік бағдарламаларды (әлеуметтік жобаларды), сондай-ақ әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған іс-шараларды орындауы арқылы жүзеге асырылады.

### **6-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру**

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындаушысы үкіметтік емес ұйымдардың арасында ашық конкурс өткізу жолымен айқындалады.

3. Конкурсқа қатысуға осы Заңның 5-бабында көзделген бағыттар бойынша маманданған үкіметтік емес ұйымдар жіберіледі.

4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімді орындалуының мониторингі мен сырттай бағалануын орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы үкіметтік

емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестер жүзеге асырады.

#### **7-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың қаржы қаражатын пайдалану**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың қаржы қаражаты осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шартта көзделген мақсаттарда және тәртіппен пайдаланылады.

#### **8-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылау**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылауды тапсырысшы, сондай-ақ өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

#### **9-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

#### **10-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу дің тәртібі**

Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*